

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті**



«Бекітемін»

Тарих және құқық факультетінің деканы

Кенжебаев Ғ.К.

» \_\_\_\_\_ 2024ж.

**В033 – ДІНТАНУ ЖӘНЕ ТЕОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
ТОБЫ БОЙЫНША ТАЛАПҚЕРЛЕРДЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ЕМТИХАН КАБЫЛДАУДЫҢ**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2024 ж.

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі заманғы дінтанушы және исламтанушы мамандарды дайындау -теориялық дағдылармен қатар, практикалық құзыреттерді де терең меңгеруді талап ететін көпқырлы күрделі процесс. Жалпылай алғанда дінтану ғылымықызықты әрі күрделі ғылым салаларының бірі болып табылады. Қоғам өмірінде діннің алар орнының ерекшелігін және жалпы әлемдегі, еліміздегі діни ахуалды ескерсек, бұл мамандықтың маңыздылығы мен өзектілігін аңғару қиын емес. Әсіресе қазіргі тандағы әлемдегі діни жағдайдың күрделілігі осы салада білікті мамандарды қажет етеді.

«В033 – Дінтану және Теология» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылықконкурсты саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессор-оқытушыларынанқұралған арнаулы комиссия қабылдайды. Шығармашылық конкурс «Дінтануға» оқуға түсетін барлық талапкерлерге міндетті.

Бұл мамандыққа құжат тапсыру үшін ҰБТ-ның бейіндік пәндердің қандай пән екені маңызды емес, яғни қандай пән таңдалғанына тәуелсіз қабылданады. Шығармашылықконкурс арқылы жиналған ұпай ҰБТ-дан немесе кешенді емтиханнан жиналған ортақ ұпайға қосылып есептеледі: оқу сауаттылығы (оқу тілі)+ұпайы Қазақстан тарихы пәнінің ұпайы+ шығармашылық конкурстардың ұпайы = қорытынды ұпайы.

### 1. Шығармашылықемтихандардыөткізу тәртібі

«В033 – Дінтану және Теология» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында өткізіледі. Шығармашылық емтихан өткізілетін күндерді университеттің қабылдау комиссиясы белгілейді. Емтихан кафедраның ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушыларынан тұратын комиссия тарапынан қабылданады. Комиссия құрамы төрағаны қосқанда 4 мүшеден және 1 хатшыдан тұрады. Комиссия хатшысы комиссия хаттамасын жүргізеді. Хатшы емтихан қабылдаушы комиссия жұмысына араласа алмайды.

Шығармашылық емтихандар саны екеу: 1 – кәсіби қабілеттілігі мен мамандыққа бейімділігін анықтау үшін сұхбат жүргізу. 2 – «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы негізінде ауызша емтихан тапсыру.

1) Кәсіби қабілеттілігі мен мамандыққа бейімділігін анықтау үшін әңгімелесу (сұхбаттасу –ауызша).

Әңгімелесу кезінде талапкер шығармашылық емтихан комиссиясының жалпы танымдық сұрақтарына жауап беру арқылы өзінің жан-жақты ой-өрісін көрсете алуы тиіс. Әңгімелесу әрбір талапкермен жеке, еркін диалогтық түрде жүргізіледі. Сұрақтар мен жауап бағалары хаттамаға енгізіледі.

Бұл кезеңдегі негізгі міндет – талапкердің дүниетанымдық, ізденімпаздыққабілеттерімен танысу оның кәсіби бағдарын, жалпы таным көкжиегін байқау болып табылады.

2) «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы негізінде емтихан тапсыру.

Емтихан ауызша түрде жүзеге асырылады. Талапкерлерге ұсынылатын ауызша шығармашылық емтихан сұрақтарыбилеттік жүйеде құрастырылады. Әр

билетте 3 сұрақтан бірнеше нұсқада жасалып, арнайы конверттергесалынып, желімденеді. Оған қабылдау комиссиясының жауапты-хатшысының қолы қойылып, мөр басылады. Билеттер қабылдау комиссиясында сақталады.

**Әңгімелесу міндетіне мыналарды анықтау кіреді:**

1. Мамандық таңдаудағы саналылық;
2. Қоғамдағы діни ахуал туралы түсінік;
3. Мемлекеттің дін саласындағы саясатынан хабардар болуы;
4. Талапкердің жалпы мәдени деңгейі, ой-өріс кеңдігі;
5. Болашақ кәсібіне қажетті қасиеттердің болуы.

**Әңгімелесу барысында талапкерге мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:**

- Талапкердің таңдаған мамандығына бейімділік деңгейін, мұндай таңдаудың саналы түрде жасалғандығын анықтайтын сұрақтар;
- Өзіндік ойлау қабілетін айқындайтын сұрақтар;
- Талапкердің қоғамдағы дін құбылысына деген ой-тұжырымдарын жеткізе білу қабілетін айқындайтын сұрақтар.

Комиссия әңгімелесудің қорытынды бағасы бойынша алқалық шешім қабылдайды. Қажет болған жағдайда айрықша ескертулер жасайды.

1 Талапкерлердің арнайы (шығармашылық) емтиханын бағалау тәртібі жөнінде оған қойылатын талаптар:

1.1 Кәсіби қабілеттілігі мен мамандыққа бейімділігін анықтау үшін әңгімелесу (сұхбаттасу - ауызша)

Әңгімелесу бойынша ең жоғары балл саны - 50.

Осы ережеде реттелмеген кейбір мәселелерді шығармашылық емтихан комиссиясының мүшелері дербес шешеді.

Емтиханнан 8 баллдан кем алса немесе емтиханға келмеген талапкерлер емтиханнан өтпеді деп есептеледі. Олар 2-ші шығармашылық емтиханға жіберілмейді.

1.2 «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы негізінде ауызша емтихан тапсыру.

Талапкерге мектеп бағдарламасы аясындағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы бойынша сұрақтар қойылады. Ауызша емтиханның мақсаты - конкурсқа қатысушылардың қабілеттілігін, білімділігін және кәсіптік дағдысын анықтау. Талапкердің дүниетанымдық көзқарасы, қажетті деректерді табу және өз ойын еркін баяндай білу біліктілігі, қисынды ойлауы, дұрыс қорытынды жасай алу қабілеті және т.б. бағаланады. Қабылдау комиссиясы талапкердің алғашқы ойларын жинақтап сұрақтарға дайындалуына қосымша уақыт бере алады. Ауызша емтихан барысында емтихан комиссиясы талапкерлердің тақырыпты толықтай ашуына, мазмұндаудың сауаттылығына ерекше назар аударады.

Ауызша емтихан бойынша ең жоғары балл саны - 50.

**3 Емтиханды бағалаудың көрсеткіштері**

Кәсіпке жарамдығын анықтау үшін әңгімелесуді бағалаудың және «Зайырлылық және дінтану негіздеріне» қатысты ауызша емтиханының балдық жүйесі

Балл саны	Әріптік баға	Баллдың сандық эквиваленті	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
-----------	--------------	----------------------------	----------------------------

45-50	A	«5»	өте жақсы
35-44	B	«4»	жақсы
20-34	C	«3»	қанағаттанарлық
20-нан төмен	F	«2»	қанағаттанарлықсыз

### **Бағалау критерийлері:**

- 45-50 балл - комиссия мүшелерінің барлық сұрақтарына толыққанды, тыңғылықты, нақты дәлел-мысалдармен аргументтеп, жатық әрі сауатты жауап берген талапкерге қойылады.

- 35-44 балл - комиссия мүшелері қойған сұрақтардың басым бөлігіне орташа жауап берген, азғана білімін көрсетіп, дінтанудың мәнін біршама ұғына алатын талапкерге қойылады.

- 20-34 балл - комиссия мүшелері қойған сұрақтарға тыңғылықты жауап бере алмаған, сұрақтан ауытқып сұраққа қанағаттанарлықтай жауап бере алмаған талапкерге қойылады.

- 20 балдан төмен («қанағаттанарлықсыз») - комиссия мүшелері қойған сұрақтарға мүлдем жауап бере алмаған, таңдаған мамандығы туралы хабарының жоқекендігін аңғартқан, таным көкжиегі тар талапкерге қойылады.

### **Шығармашылық емтиханға дайындалуға арналған сұрақтар**

#### **1 Кәсіби бейімділікті анықтауға арналған сұхбаттасудың бағдарлық сұрақтары**

1. «Дінтану» білім беру бағдарламасын неліктен таңдадыңыз?
2. Қандай діни кітаптарды оқисыз?
3. Қандай діни сайттарды колданасыз?
4. Дін дегеніміз не? Қандай діндерді білесіз?
5. Өзіңіздің тұратын жердегі аудандықне калалық діни мекемелермен қатынасыңыз бар ма?
6. Қандай кітап оқыдыңыз, қазір неокып жүрсіз? Сүйікті авторыңыз?
7. Сіздіқандай діни такырыптар қызықтырады?
8. Сіздің тұрақты көретін діни телеарнаңыз? Ұнатып көретін бағдарламаларыңыз?
9. Тұратын аймағыңыздағы облыстық, аудандықдіни газет, журналдарды оқисыз ба? Ондағы қандай материалдар қызықтырады?
10. Өзіңіздің қадірлейтін, еліктеуге тұратын дін саласындағы ғалым кім?
11. Зайырлылық дегеніміз не?
12. Дін мен мемлекет қатынасы туралы не ойлайсыз?
13. Қасиетті орындарды зияратету туралы не айтасыз?
14. Қазақстан Республикасының Конституциясында (Ата Заңы) дінге қатысты не айтылған?
15. Ислам діни бойынша қабірлерді зияратетутуралы неайтылады?
16. Дін мен салт-дәстүр арақатынасы туралы ойыңызды айтыңыз?
17. Ар-ождан еркіндігі және діни төзімділік туралы көзқарасыңыз?
18. Мазхаб дегенімізне?
19. Дәстүрлі емес қандай исламдық бағыттарды білесіз?
20. Қазақстан мұсылмандыры діни басқармасының төрағасы кім?
21. Діни экстремизм туралы не айтасыз?

22. Қандай имамдардын уағыздарын тындайсыз?
23. Ислам бес шартын түсіндіріңіз?
24. Имандегеніміз не?
25. Ұлттық діндерді айтыңыз?
26. Әлемдік діндерді айтыңыз?
27. Қоғамды діни ағарту мәселелері туралы не ойлайсыз?
28. Қ. А. Яссауитуралы не білесіз?
29. Абайдыңқара сөздеріндегі дін туралы айтқандарын қалай түсінесіз?
30. Ы. Алтынсарин Ислам дінтуралы не айтқан?
31. Дін саласындағы қандай мемлекеттік бағдарламаларды білесіз?
32. «100 кітап» жобасы жайынданайтасыз?
33. Қазақстан Республикасының дін туралы тұжырымдамасы туралы айтыңыз?
34. Біздің елімізде діни қызмет қандай заңмен реттестіреді?
35. Қазақстандағы діни жағдай туралы не айта аласыз?

**2 «Зайырлылық және дінтану негіздері» бойынша емтиханның жобалы сұрақтары:**

1. Діннің мәнін анықтаңыз және оған өз пікіріңізбен тұжырым жасаңыз
2. Діни құрылымның мәнін ашыңыз
3. Діни бірлестіктер туралы айтыңыз және оның мәнін айқындаңыз
4. Қарапайым діни наным-сенімдердің мәнін ашыңыз және түрлерін атап өтіңіз
5. Даосизм діні туралы мәлімет беріңіз
6. Тотемизм туралы мәлімет беріңіз
7. Анимизм туралы мәлімет беріңіз
8. Магияның мәнін ашыңыз, секуляризация және сакрализация дегеніміз не?
9. «Шіркеу», «қауым», «секта», «конфессия» ұғымдарының мәнін ашыңыз
10. Ежелгі Мысыр құдайлар пантеоны туралы мәлімет беріңіз
11. Тәңіршілдік - түрік мәдениетінің феномені
12. «Діни синкретизм» ұғымының мәнін ашыңыз
13. Буддизм ілімі туралы сараптама жасаңыз
14. Индуизм дінінің ұстанымдарын жайлы айтыңыз
15. Дін және ғылым: логика, сенімаспектілері
16. Агностицизм: түсінігі мен мәні
17. Иудаизм дінінің дәстүрлері мен рәсімдері туралы мәлімет беріңіз
18. Буддизм дінінің негізін салушысы - Сидхарта Гаутама және оның өмірі туралы мәлімет беріңіз
19. Әлемдік дін ретінде христиандықтың ерекшеліктеріне сипаттама жасаңыз
20. Исламның әлемдік дін ретіндегі мәнін ашыңыз
21. Буддизмнің әлемдік дін ретіндегі мәнін ашыңыз
22. Атеизмге түсініктеме беріңіз
23. Миф дегенді қалай түсінесіз? Қандай мифтерді білесіз?
24. Қазақстанда діни ағымдар мен қауымдардың көбею себептерін жазыңыз
25. Кеңес үкіметі кезінде мемлекеттің дінге деген көзқарасын түсіндіріңіз
26. Көне грек мифологиясының даму кезеңдерін сипаттама жасаңыз және себептерін түсіндіріңіз
27. Ежелгі Рим діні мен сенімдеріне сипаттама жасаңыз

28. Адам капиталын дамытудағы діннің рөлі
29. Шығыс ойшылдары Ж. Баласағұн, О. Хайам, Ибн Сина дүниетанымындағы Ислам
30. Дін және діни моральдің аксиологиялық негіздері
31. Қазақ діни философиясының негізі ретінде Абай, Шәкәрімнің дін туралы этикалық ілімдері
32. Әбу Наср әлФарабидің діни философиясы
33. Шаманизмнің мәнін ашыңыз
34. Төрттүлік малдың киелерімен иелері және олардың функциялары туралы жазыңыз
35. Конфуцийшілдік дінінің мәнін ашыңыз
36. Мемлекет және діни бірлестіктер: діни бірлестіктермен қарым-қатынасты реттеудің мемлекеттік құралдары
37. Иудаизмнің пайда болу және даму тарихын саралаңыз
38. Діни тәрбиенің үш сатысы: адамның табиғи, адамгершілік, рухани қалыптары
39. Протестантизмнің мәнін ашыңыз
40. Діннің қызметін сараптаңыз
41. Христиандықтың пайда болуын, даму тарихын сараптаңыз
42. Буддизмнің пайда болуы мен таралуы туралы мәлімет беріңіз
43. Дін мен саясат арасына өз көзқарасыңызбен тұжырым жасаңыз
44. «Діни экстремизм» ұғымының мәнін ашыңыз, өз ойыңызбен түсініктеме жасаңыз
45. «Діни фанатизм» ұғымының мәнін ашыңыз, осы мәселе бойынша өз ойыңызды білдіріңіз
46. Реформация және протестантизмнің қалыптасуын талдаңыз
47. Ежелгі индуизмнің құдайлар пантеоны туралы мәлімет беріңіз
48. Шамандық пен «бақсылық» түсінігіне талдау жасаңыз
49. Қазақстан аймағындағы сопылық туралы жазыңыз
50. Зороастризм дінінің ерекшеліктеріне баға беріңіз
51. Ежелгі түркілердің діни сенімі мен дүниетанымы туралы мәлімет беріңіз
52. Әруак сенімінің ежелгі түркілер мен бүгінгі қазақтар арасындағы мәнін салыстырыңыз
53. Иудаизм ілімінің ерекшеліктерін тұжырым жасаңыз
54. Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, С. Торайғыров, М. Жұмабаев шығармаларындағы діни идеялары туралы айтыңыз
55. Жаңа діни қозғалыстар туралы айтыңыз
56. Буддизм тармақтарына сипаттама жасаңыз және бір-бірімен салыстырыңыз
57. Қожа Ахмет Яссауидің діни идеялары
58. Адамзаттың рухани өмірінің құбылысы ретінде еркін ойлау негіздері
59. Исаның дүниеге келуі, өмірі және қызметі туралы христиандық, исламдық түсініктемелерге сипаттама жасап, салыстырыңыз және өз ойыңызбен бағалаңыз
60. Христиан дінінің ағымдары мен мектептеріне салыстырмалы тұжырым жасаңыз және ағымдарының ерекшеліктерін түсіндіріңіз
61. Қазақстандағы Православие дінінің рөліне баға беріңіз

62. Қазақстандағы діни ахуалға баға беріңіз
63. Діннің пайда болу себептерін ашыңыз
64. Ислам дініндегі Мұхаммед пайғамдардың өмірбаяныны мен сүннеті
65. Әлемдік діндердіңқасиетті жазбаларын сипаттаңыз
66. Мәдениетті калыптастырудағы діннің рөлін жан-жақты талдап түсіндіріңіз
67. Ұлттық және әлемдік діндердің ерекшеліктерін ашыңыз
68. ҚР бейбітшілік пен конфессияаралық келісім орнатудағы саясатын түсіндіріңіз
69. Қазақстан Республикасындағы Орыс православие шіркеуінің қызметін саралаңыз
70. Ислам дінінін қазақхалқы арасындағы орны мен маңызын анықтаңыз
71. Мұсылмандық мейрамдар туралы мәлімет беріңіз
72. Құран Кәрім туралы мәлімет беріңіз
73. Ежелгі қазақсенімі мен исламдық құндылықтар арасындағы ұқсастыққа, үндестікке баға беріңіз
74. Исламның бес шартына сипаттама жасаңыз
75. Әбу Ханифа ілімі және онын ерекшеліктері турапы мәліметтер беріңіз